



АЛПЫСТАН АСҚАНДАРҒА

و لا مصيبة كموت القلب،
و لا نذير أبلغ من الشيب

ابن الجوزي



Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Алпыстан асқандар үшін

Бұл тарау «Алпыстан асқандар үшін» деп аталады. Бірақ бұл ондағы қозғалатын тақырып елуден асқандарға, қырықтан асқандарға, отыздан асқандарға, тіпті жиырмадан асқандарға қатысты емес дегенді білдірмейді. Бұл кез-келген ақылы толық, ойланатын, ойы айқын адамға қатысты. Бірақ алпыстан асқандар үшін бұл едәуір өзектірек әрі маңыздылау болып табылады.

Неліктен? Өйткені адамға жас қосылған сайын оған жер жер бетінде берілген санаулы күндері мен тыныстары, қолдан жіберіп алған нәрселердің есесін толтыру мүмкіндігі барған сайын азая береді және өзінің иман мен рухани тазаруға, құлшылыққа деген осал көзқараста жүре бергені үшін Аллаһтың алдында ақталатындай сылтаулары да сиректей береді. Сондықтан да елу, алпыс, тіпті жетпіс жылдық белестерді аттаған адамның әлі де болса өз өмірінің мәнін түсінбегенін, уақытты лайықты бағалауды үйренбегенін әрі өзінің қалған санаулы-ақ күндерін бейқамдықпен пайдасыз істерге немесе дүние игіліктерінің ізін қуумен өткізіп жатқанын көру жанға нендей ауыр әрі қорқынышты десеңізші. Бұндай адам жер бетінде сонша жылдар өткізгеннен кейін едәуір саналырақ және даналау болуы, әрі өзінің болашағын шынайы бағалап, жақын арада басқа, яғни жасаған амалдары үшін жаза немесе сый берілетін Ақырет әлеміне ауысуы туралы ойланып, қалған өмірін бүкіл күш-жігерімен күнәларына тәубе ету, намаз оқу, Жаратушыға шын жүрекпен жүгіну, Оның өсиеттері мен бұйрықтарын орындау, Аллаһтың және Оның жаратылыстарының алдындағы айыптарын жуып-шаю үшін қолдану керек еді ғой. Алайда, олай емес! Адам кез келген нәрсені ойлауы, кез келген нәрсені айтуы, кез келген нәрсемен айналысуы мүмкін, бірақ Аллаһтың алдында тұруға және Оның алдында жер бетінде өткізген жылдары үшін есеп беруге дайындалмайды. Бұл дүниеден кететін барлық адамдар екіге бөлінеді: Жаратушымыз бізге жүктеген мақсатты, міндетті орындап кеткендер және бұл әлемге келген міндетін орындамай кеткендер. Бұл қандай мақсат? Бұл сұраққа жауап қаншалықты әп-айқын болғаны сияқты, дәл соншылықты ұлы. Аллаһ Тағала бұл жайлы Құран Кәрімде былай деген:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ

**«Мен жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана
жараттым»**

(«әз-Зәрият сүресі, 56-аят).

Міне, өмірдің мақсаты, міндеті және мәні осы. Біреулер өз өмірін осы мағынаға толтырып, Аллаһтың қалауымен, Құран мен Сүннет бойынша өмір сүреді, Раббысы мен Иесіне құлшылық етеді де, Оған өз жаны мен өз істерін бағындырады. Басқалар болса Аллаһ жайлы ойлауды да өз мақсат-мүдделерін Оған бағыттағысы да қаламай, өмірлерін мән-мағынасыз өткізеді. Бейне бір жануарлар сияқты! Жоқ, олар жануарлардан да жаман, өйткені жануарлардың зікір ету тілі бізге, яғни адамдарға түсініксіз болса да, олар Аллаһқа құлшылық етеді әрі Оны пәктеп ұлықтайды. Құранда былай деп айтылған:

أُولَئِكَ كَالْأَنْعَامِ بَلْ هُمْ أَضَلُّ ۖ أُولَئِكَ هُمُ الْغَافِلُونَ

**«Олар хайуан тәрізді, тіпті одан ары адасуда. Міне солар
мүлдеқәперсіздер»**

(«әл-Әғраф» сүресі, 179-аят).

Адамдар шын мәнінде өздерінің қанша жаста екенін өте сирек түсінетіні таң қалдырады. Оларға жас қосылған сайын, өздерін әлі де жаспаз деп ойлағысы келеді және болашақтан үлкен үміт күтеді. Бірде атақты ғұлама, салиқалы имам Хасан әл-Басри өз анасының қолында пияз ұстағанын көріп: «Анашым, сіздің қолыңыздағы иісі жаман өсімдік не?», - деді. Анасы оған: «Балам! Сен ақылдан алжыған қартсың!», - деп жауап берді. Сонда Хасан: «Уа анашым! Арамызда кім үлкен, мен бе, сіз бе?», - деген екен.

Бірде бір адамнан оның жасын сұраған екен. Ол: «Жетпіс», - деп жауап беріпті. Көп жыл өте келе, әлгі адам оған дәл сол сұрақты қайта қойғанда ол қайтадан: «Жетпіс», - деп жауап береді. Сонда сұрақ қоюшы таң қалып: «Сіз жиырма жыл бұрын жетпісте екеніңізді айтпадыңыз ба?», - деп сұраған екен. Ол: «Қалай айтсам екен, білсеңіз, мен консервативті адаммын, сондықтан да егер белгілі бір жасқа үйреніп қалсам, одан жиырма жыл бойы басқаға ауысқым келмейді!», - деп жауап беріпті.

Адамдардың бұл ерекшелігін бізге Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең керемет үлгіде түсіндіріп, былай деген:

يَكْبُرُ ابْنُ آدَمَ وَيَكْبُرُ مَعَهُ اثْنَانِ: حُبُّ الْمَالِ، وَطُولُ الْعُمُرِ

**«Адамның жасы өскен сайын онымен бірге екі нәрсе де өседі: ақшаға
деген сүйіспеншілік және ұзақ өмір сүруге деген құштарлық»**

(хадисті әл-Бухари, 6421 және Муслим, 1047 келтірген).

Алыстағы сағымға үміт артып, қиял және армандармен өмір сүргенше, күндердің құм сағаттағы құмдай ағып жатқанына, өмірдің ақыры да алыс емес екеніне мән берген дұрыс емес пе? Хасан әл-Басри былай деген екен: «Әй, Адам баласы! Сен белгілі күндердің жиынтық санынан басқа ешнәрсе емессің. Өміріңнің бір күні өткенде, сенің де бір бөлігің кетеді!».

Әркім қанша күндерін өткізіп алғанын және әлі де қолдан жіберіп жатқанын ойласын! Қаншама адамдардың өмірлері олардың жоспарлары, үміттері мен армандары аяқталудан бұрын аяқталып қалды емес пе?! Қаншама адамдар өз өмірлерін бос мақсатсыз және мағынасыз өткізіп алған жоқ па! Қаншама өмірлер Аллаһқа құлшық етусіз өтіп, адамдар естерін жиып, ақылға келулерінен бұрын-ақ бітіп қойды ғой!

Адам бұл жерде неғұрлым ұзақ қала берген сайын, соғұрлым оның өмірдің мәнін түсініп, меңгеріп үлгермегеніне, жастық шақтың желді екпеніне бой алдырғанына, құмарлықтың торына түскеніне немесе басқа да нәрселерді сылтауратып, өзін Аллаһтың алдында ақтауға деген мүмкіндігі азая түседі. Ұзақ өмір – бұл Аллаһтың адамға қарсы дәлелі. Ұзақ өмір сүрген парасатты адам өзін Жаратушысы жайында және Оған құлшылық ету туралы ойлануға, оны Құранға келуге және Жәннатқа ұмтылуға мәжбүрлейтін сан алуан белгілер мен дәлелдерді көреді және естиді! Ендеше, ертерек ес жиып, ғапылдықтан оянып, Аллаһтың тура жолына түсу қажет.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

أَعْدَرَ اللَّهُ إِلَيَّ أَمْرِي أَخْرَ أَجَلَهُ حَتَّى بَلَغَهُ سِتِّينَ سَنَةً

**«Аллаһ ажалын алпыс жасқа келгенге дейін кешіктірген адамға ақталу
мүмкіндігін қалдырмайды»**

(хадисті әл-Бухари келтірген, 6419).

Алайда бұл хадис елу, қырық, отыз, жиырма жастағы адам Аллаһтан жеткілікті дәлел алмаған дегенді білдірмейді.

Аллаһ Тағала былай деген:

أَوَلَمْ نُعَمِّرْكُمْ مَا يَتَذَكَّرُ فِيهِ مَنْ تَذَكَّرَ

**«Біз сендерге үгіт алғысы келген кісі үгіт алуы үшін жеткілікті
болатындай ұзақ өмір бермедік пе?»**

(«Әл-Фатыр» сүресі, 37-аят).

Кейбір Құран тәпсіршілері бұл аятта алпыс жас, басқалары қырық жас, ал үшіншілері он сегіз жас туралы айтылуда деп айтқан.

Хасан әл-Басри былай деген: «Егер саған қырық жасқа дейін өмір сүру нәсіп етілген болса, онда сенде ешқандай ақтау қалмады. Сондықтан өлім сағатың жетіп келгенге дейін асығып, үлгер. Аллаһтың атымен ант етемін, ертеректе қырық жастан асқан адам өзін-өзі бейқамдығы үшін сөгетін еді». Хиләл ибн Юсуф былай деген: «Мәдина тұрғындарынан болған әрбір адам қырық жасқа толғанда, өзін толық ғибадатқа бағыштайтын».

Уа Аллаһ Тағала ұзақ ғұмыр берген көкелер мен апаларымыз! Аллаһтың дініне немқұрайлы болмаңыз, шынайы ықыласпен Аллаһ жақсы көретін амалдарды жасаңыз. Өйткені, күн сайын сізге Жартушыға жақын арада оралатыныңызды еске салатын жаңа-жаңа дәлелдер, нақылдар мен тағылымдар келуде. Ендеше көзі барлар бұл нақылдарды көрсін! Ағарған шаш, дененің әлсіздігі, баяғы күш мен қабілеттің жоғалуы, құрдастардың қайтыс бола бастауы, жақын адамдардан айырылу, мерзім-мерзіммен орын алып жатқан бақытсыздықтар - осы және тағы басқа да осы сияқты нәрселер парасатты адамды жердегі өмірдің тек уақытша тұрақ екенін, сондықтан да Ақыреттегі мәңгілік өмірге жақсы істердің жүгін дайындау қажет екендігін ұмытпай үнемі есте сақтауға шақырады. Бір дана адам былай деген екен: «Үш нәрседен ақыл алмаған адам ештеңеден ақыл ала амайды. Бұл үш нәрсе – Ислам, Құран және ағарған шаш».

Ұзақ өмір бақытқа да, бақытсыздыққа да себеп болуы мүмкін. Адам оны Аллаһқа мойынсұнып, Оған бағынуға сарп етсе ғана, ол бақытқа себеп болады. Ұзақ өмір сүрудің ең маңызды артықшылығы – бұл адамның оны осы дүниеге келген міндетін – яғни тек Аллаһқа ғана құлшылық етуді барынша толық орындау және Аллаһтың разылығы үшін көп амалдар жасап, мәңгілік дүние мен Жәннатқа кіру үшін барынша берік капитал жинау мүмкіндігі. Мұны өзінің ақша шотын күн сайын жаңа сомамен толтырып отыратын адаммен салыстыруға болады. Мұндай адам осындай мүмкіндікті барынша ұзақ уақыт бойы жоғалтпауды қалайтыны және ақшасының қалай еселеніп жатқанын

көріп қуанатыны күмән тудырмайды. Ал шын мәнісінде бұл – тек жердегі уақытша капитал ғана ғой! Алайда мәңгілік есеп-шотты толтырып отыру маңыздырақ емес пе? Ол бұдан да үлкен қуанышқа лайық емес пе?!

Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға: «**Сендерге араларыңдағы ең жақсыларың кім екенін айтайын ба?**», - деген сөздермен жүгінді. Адамдар: «Әрине, айытыңыз!», - деп жауап берді. Сонда ол:

حَيَارُكُمْ أَطُولُكُمْ أَعْمَارًا وَأَحْسَنُكُمْ أَعْمَالًا

«Сендердің ең жақсыларың – ең ұзақ өмір сүріп (сол өмірінде) ең жақсы амалдар жасайтындарың», - деді.

(хадисті Ахмад, 7212 (7171) және Ибн Хиббан, 2981 келтірген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 1298).

Бірде Сулейман ибн Абдул-Мәлик есімді бір мұсылман әміршісі Димашқ (Дамаск) мешітіне кіріп, әрең жүретін өте әлжуаз қарт адамды көрді. Әмірші одан: «Уа қария! Сіздің өлгіңіз келеді ме?», - деп сұрады. Қарт: «Жоқ!», - деп жауап берді. Әмірші: «Неге?», - деп таң қалды да: «Өмір сүрген жылдарыңыз сізді мен көріп тұрған хәлге әкелді емес пе?», - деп сұрады. Сонда қарт: «Жастық өзінің жамандығымен кетті және өз жақсылығымен кәрілік қалды. Мен отырғанымда Аллаһты зікір етемін, тұрғанымда да Аллаһқа мақтау айтамын әрі мен осы екі істі барынша ұзақ жасауды қалар едім!», - деп жауап берген екен.

Бір қария кісі жасы нешеде екендігі жайлы сұралғанда: «Онда», - деп жауап берген екен. Адамдар: «Қалайша сіздің жасыңыз онда болмақ? Сіз өте қарт адамсыз ғой», - деді. Қария: «Өйткені мен Аллаһқа тәубе етушілердің қатарына он жыл бұрын қосылдым», - деп түсіндірген екен. Міне, осылайша, өмір сүрген жылдарымыздың Аллаһқа мойынсұнумен және құлшылықпен өткен бір бөлігі ғана шынайы өміріміз болып саналады. Ал Аллаһқа мойынсұнбау, күнә және ғибадатқа немқұрайлылықпен өткен сол бір бөлігі, өмір де емес секілді.

Өмірімізді біз одан мәңгілік игілігімізге азық болатын игі өнім жинап алатын егістігімізге айналдырумыз әрі бізге берілген сағаттарды Аллаһ разы болатын амалдарға жұмсауымыз керек.

Өміріміз – Аллаһтың бізге аманат еткен сыйы, оны босқа жұмсамай, мұқият қарауымыз керек. Кәрілікке жеткен адам басқа адамдарға қарағанда көбірек

Аллаһқа мойынсұнуға талпынуы керек, өйткені оның жасы парасаттылыққа, байыптылыққа, салмақтылыққа шақырады. Алайда алпыс-жетпіс жасқа келген адамдардың әлі күнге дейін діннің шақыру дауысы мен ақылдың үніне құлақ салмай, бұл дүниенің ләззаттары мен мал-мүліктің артынан қуып, оның құмарлықтары мен күнәларына бой алдыратынын көргенде таңғала бастайсың. Бұл жастағы адам, керісінше, айналасындағыларға тақуалықтың, салиқалықтың, діндарлықтың, биік имандылықтың үлгісі болуы керек қой. Ол әр сәтті бағалап, оны Аллаһқа жақындау үшін пайдалануы керек. Қаншама қариялар теледидар экранында сағаттап отырып, концерт көріп, дінге мән бермей өмір сүріп жатыр. Қаншама қарттар бос әңгімеге, өсек-аяңға, құмар ойындарға және басқа да бос істерге уақыт жоғалтып жатыр. Али ибн Абу Толиб деген салиқалы халифа әрі осы үмметтегі Пайғамбармыздан кейінгі ең жақсы төрт адамның бірі: «Өміріңнің қалған бөлігі баға жетпес, өйткені сол уақыт ішінде сен жіберіп алғаныңды өтей аласың және өлгенді тірілте аласың», - деп айтқан екен.

Тағы бір санаттағы адамдар бар уақытын дүние игіліктері мен мал-мүлікке ие болуға жұмсайды, ұрпақтарын ұзақ жылдар бойы ақшамен, үймен, алтын-күміспен қамтамасыз етуге тырысады, бірақ өз жанының құтқарылуын ойламайды, Мәңгілік өмірге, Ақыретке дайындалмайды. Бұл адамдар неге Аллаһқа тәуекел етпейді, не үшін ұрпағын Оған тапсырмайды? Неліктен олар өз ұрпақтарын ұзақ жылдарға қамтамасыз етуді өздерінің міндеті деп санайды, қала берсе, олар ұрпақтары олардың жиған қаражатарын пайдалана алатынына неге соншалықты сенімді? Болашақ ұрпаққа көмек болады деген қиялмен жасалатын оның осындай іс-әрекеті оны осы өмірден кейін күтіп тұрған мәңгі өмірге, яғни онда ақшасы да, алтыны да, күмісі де, мал-мүлкі де болмайтын өмір үшін Аллаһқа ұнамды, игі істерді жинаудан алаңдатып басқа жаққа бұрып жіберуге құқылы ма? Ол болашақ, мәңгі өмірде әрбір адамның жалғыз мүлкі – оның жердегі өмірінде жасаған игі істері мен иманы ғана болады. Өлімге дайындалу керек. Бұл, яғни «жердегі өмір» деп аталатын саяхаттың аяқталуы жақын екенін естен шығармау керек. Біз бүкіл ойымыз бен қамымызды осы өмірдің ғимаратын салуға емес, мәңгілік өмірдің ғимаратын салуға асығуымыз керек.

Бірде Фудайл ибн Ғияд бір адамнан оның жасы жайлы сұрады және сол адам оның жасы алпыста екенін айтты. Сонда Фудайл оған: «Алпыс жыл бойы Раббыңа қарай жүрдің, көп ұзамай жолыңның соңына жетесің», - деді. Адам:

إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ

«Бәріміз Аллаһқа тиесіліміз және Оған ораламыз», - деді. Фудайл: «Сен бұл сөздер нені білдіретінін білесің бе?», - деп сұрады да, сосын өзі: «Олар: «Мен Аллаһтың құлымын және Оған қайтамын» дегенді білдіреді. Кім өзінің Аллаһтың құлы екенін және Оған қайтатынын білсе, Оның алдында тұратынын білуі керек, ал кім Оның алдында тұратынын білсе, сол сұралатынын білуі керек. Ал кімде-кім өзінің сұралатынын білсе, онда жауабын дайындасын», - деп жауап берді. Адам: «Ендеше, мен не істеуім қажет?», - деп сұрады. Фудайл: «Бәрі жеңіл, қалған өміріңде жақсылық жаса, сонда өткен күнәларын кешіріледі. Ал қалған өміріңде жаман амалдар жасасаң, өткенің үшін де, қалған өмірің үшін де жауап бересің», - деді.

Біздің айналамызда жүрген адамдардың бірінен кейін бірі қабірге кеткенін көрмейміз бе?! Кәрі адамдар да, жастар да дүниеден өтіп жатыр. Өлім еш адам үшін ерекшелік жасамайды. Бірақ қарттарға өлім жақынырақ. Сондықтан жасы қырықтан, елуден, алпыстан асқандар ағаларымыз мбен апаларымыз ақылға келсе екен. Ұзақ өмір сүруге үміттеніп, тәубе етуге асықпау өте қауіпті. Үлгермей қалуға болады! «Мен Аллаһқа мойынсұнуға дайын емеспен, маған әлі уақыт керек», - деп айтатын адамдар бұл өмірден жиі дайын емес және мойынсұнбаған күйінде өтіп кетеді. Шайтанға емес, Аллаһқа бағыну үшін дайындықтың қажеті жоқ. Мұны кідірмей жасау қажет. Өйткені ешкім өзіне қанша уақыт: он жыл, бес жыл, бір жыл, бір ай, апта, бір күн немесе бір сағат қалғанын білмейді. Ұзақ өмір сүруге үміттенбеңіз. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

أَعْمَارُ أُمَّتِي مَا بَيْنَ السَّيِّئِ إِلَى السَّيِّئِ، وَأَقْلُهُمْ مَنْ يَجُوزُ ذَلِكَ

«Менің үмметімнің өмір мерзімі алпыс пен жетпіс жастың арасында және бұл тосқауылдан (жастан) аз ғана адам өтеді»

(хадисті әт-Тирмизи, 3550; Ибн Мәжаһ, 4236 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде сенімді деп атаған, 2815).

Таңға дейін жетсеңіз, кешке дейін өмір сүрем деп сенімді болмаңыз, ал кешке дейін жеткен болсаңыз, таңға дейін өмір сүрем деп есептемеңіз. Әр күнді соңғы күн секілді қарсы алыңыз. АбдуЛлах ибн Масғуд былай деген: «Мен үшін ең өкінішті күн – бұл оның өтуімен маған берілген ғұмыр азайған, бірақ жақсылықтарымның қоры көбеймеген күн».

Көктер мен жердің Жаратушысымен кездесу күніне дайындалу қажет. Әр адам қараңғы және тар қабірде жалғыз жатып, оны иманы мен намазы, тәубесі, садақасы секілді жақсы амалдарынан басқа ешнәрсе құтқара алмайтын күнді есте сақтау қажет.

Бірде-бір күнді жіберіп алмайық! Аллаһқа дәл бүгін оралайық. Ертеңгі күнге дейін өмір сүретіндігіміз белгісіз, кешегі күнді қайтара алмаймыз. Сондықтан біздің иелігімізде тек «қазір», тек бүгінгі күн. Күніге есеп-қисабымызды, болашақ өмірімізге қанша жақсы амал жиналғанын және сақталғанын тексеріп отырайық.

Не нәрседен бастау қажет?

Аллаһ Тағала бізге қатаң түрде міндет етіп бекіткен нәрселерден бастау қажет. Олардың ең маңыздысы – намаз. Бес уақыт намазды кідірмей оқи бастап, оларды Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың иілігі мен сәлемі болсын) үйреткендей ең жақсы үлгіде, Аллаһтың алдында тағзым-итағатты, шын ықыласты түрде, Аллаһтан қорқатын және Оны сүйетін жүрекпен орындауымыз қажет. Ал ер адамдар, парыз намаздарды Аллаһтың үйлері, мешіттерде орындауы қажет.

Парыз намаздарынан кейін қырықтан асқан адам қосымша намаз оқуға талпынуы керек, өйткені ол мүмкіндігінше көп жақсылық жасауға асығуды қажет ететін жаста. Аллаһтың дінін үйрену, Аллаһты Кітабы – Құран Кәрімді және Оның елшісінің сүннеттерін оқып үйрену, білу – парыз. Мұны кез келген жаста жасау әлі де кеш емес. Дініміз білімге, яғни амалмен ұштасқан білімге құрылған.

Аллаһты көп-көп зікір етіп, мұны үйге кіргенде, үйден шыққанда, ас жегенде және сусын ішкенде, ұйықтағанда және азаңда оянғанда жасап, бізге Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйреткен сөздерді айтуға ұмтылыңыздар. Аллаһты жиі зікір ету – Онымен үзілмейтін байланыс. Аллаһқа мойынсұну – біздің басты мақсатымыз екендігін және барлық нәрсе

оның төңірегінде айналатындығын, ол адамды екі дүниеде де бақытқа жетелейтін жол екенін ұмытпаңыз.

Әрі сөзіміздің соңында Аллаһқа бүкіл мақтаулар әрі Пайғамбарымызға Оның игілігі мен сәлемі болсын.

Субханака-Ллаһумма уа бихамдик, әшһаду ән лә иләһа иллә әнта, астағфируЛлаһа уа атубу иләйк.

Пәк Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтау болсын, мен Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай екеніне куәлік беремін, Аллаһтан кешірім сұрап, Оған тәубе етемін.

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сүннет» колледжі
1446/2024 ж.